

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HNHS1672>***Л. Т. Абикенова**

Alikhan Bokeikhan University,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9534-3589>*e-mail: abikenova_laura.80@mail.ru

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ, ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІНДЕГІ» ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТЕЗАУРУСЫ

Мақалада Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» шығармасы талдау нысаны ретінде алынған. Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбегінің зерттелуіне шолу жасалады. Сонымен қатар мақалада тезаурус ұғымына анықтама беріледі. Тезаурус тек образды сөздердің мағыналары мен мазмұны ғана емес, бұл ең алдымен тілдегі сөздері мен өрнектері екендігі айтылады. Тезаурус тіл үйрену үшін ғана қажет емес, тезаурустық зерттеулер адамның тіл арқылы сыртқы ақпараттық кеңістікке қалай шығатынын түсіну мүмкіндігі екендігі, тілді игеру барысында қалыптасатын әлемнің тілдік бейнесі белгілі бір адамнан тыс сөздер түріндегі тезаурустың нәтижесі екендігі талдау барысында айқындалады. Шәкәрім мұрасы кеңінен қарастырылып жатса да, әлі де зерттелмеген аспектілері бар екендігі айтылады, ғалым шежіресіндегі жер-су атаулары және оған қатысты аңыздар талданады. Мақалада әдебиеттану және тіл саласындағы бұрыннан қалыптасқан білім саласына «жаңа парадигма» ретінде әрекет ететін және қарқынды дамып келе жатқан тезаурустық тәсілді қолдана отырып, Шәкәрімнің еңбегінде кездесетін жер-су атауларына тезаурустық талдау жасалған. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбегіндегі жер-су атауларына тезаурустық талдау еліміздің жер-су атауларының этимологиясын білу, атаулардың қойылу себептерін анықтау арқылы еліміздің тұрмыс тірішілігін, салт-дәстүрі мен ұлттық танымын білуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: тезаурус, шежіре, әдебиет, тарих, топонимика, этимология, терминология, мифология.

Кіріспе

Шәкәрім Құдайбердіұлы ақталғаннан кейін оның лирикасына ерекше мән беріліп, даралық стилі, көркем тіл кестесі жан-жақты қарастырыла бастады. Ақын поэтикасы туралы Ш. Сәтбаева: «Шәкәрім лирикасының тақырыптық қамту ауқымы өте кең. Ақын мұраларының ішінде сезімнің нәзік сырларын шертіп, жастықтың жалынды шақтарын мөлдірете зерлеп айтып берген махаббат лирикасын да, өз заманының бүкіл болмыс-бітімін де барынша сезіне отырып, уақыт пен қоғам, тіршілік пен адам жайында шабыттана сыр ақтарған саяси-әлеуметтік лирикамен де, даланың әсем көркі мен жаратылыстың тамаша құбылыстарын шебер өрнектеген табиғат лирикасын да, заттар мен құбылыстар, ақиқат пен болашақ, тіршіліктің негізі туралы терең толғанысты ойлар ұсынатын азаматтық, философиялық лириканы да молынан ұшыратамыз» [1, 13-б.] – дейді. Ақын өз заманының тұрмыс-тіршілігін жырына қоса отырып, философиялық ой-тұжырымдарын қалдырған.

Қазақтың біртуар ұлы ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ еліне қалдырған орасан зор еңбегі, бағасы жоғары, теңдесі жоқ туындысы – «Түрік, қырғыз-қазақ, хәм хандар шежіресі» шығармасы. Жалпы ақынның қай еңбегін алсақ та, халық жүрегінен орын тауып, кеудесіне нұр, санасына сәулесін шашатын, ой асқарынан үн қататын құнды дүниелер. Ар-ұждан философиясының негізін қалаушы ойшыл дана Шәкәрім құнды туындысын ұлттық ұғыммен астастырып, қазақ тарихын ғылыми негіздеп тұңғыш еңбек жазған алғашқы тұлға. Ақын бұл туындысы арқылы қазақ шежіре-тарихын алғаш зерттеуші ретінде тарихта қалып отыр. Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» еңбегін халық «Шәкәрім шежіресі» деп таниды. Анығында, Шәкәрім шежіресі қазақ тарихын алғаш рет зерделеуге арналған, қазақ тарихы ғылымының басы іспетті. «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» еңбегі Орынборда жарық көрген. Шәкәрімнің аталмыш еңбегі ХХ ғасыр басында ғалымдар назарында болды. Әлихан Бөкейханов «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» деген мақаласында: «Шаһкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді бұдан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі, Шаһкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шаһкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» [2, 9-б.].

Жүсіпбек Аймауытов: «Қадірлі Шәкәрім «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресін» терең оқып, ойлап және салыстырып барып жазғанда өте

жауапкершілікпен қарады. Осыған байланысты, оны қазақтың «Карамзині» десем, артық айтпаған болармын. Түркілердің тарихымен танысқысы келгендер бұл кітапты оқымай кете алмайды» [3, 9-б.], – деп жазған.

Бұл еңбек туралы тарихшы ғалымдар: «Шәкәрім қажының осы еңбегі, шежіре деп аталғанымен, қазақ тарихына арналған үлкен зерттеу. Осы зерттеуінде ол әлі қалыптаспаған қазақ тарихының алдында тұрған, бүгіндері де өзекті болып табылатын үш мәселеге көңіл аударған. Олар: қазақтың халық болып қалыптасуы, қазақ хандығының құрылу тарихы және хандар генеологиясы» [4, 23-б.], – деп бағалайды.

Тезаурус – бұл образды сөздердің мағыналар мен мазмұн ғана емес, бұл ең алдымен тілдегі сөздері мен өрнектері. Тезаурус тіл үйрену үшін ғана қажет емес, тезаурустық зерттеулер адамның тіл арқылы сыртқы ақпараттық кеңістікке қалай шығатынын түсінуге көмектеседі. Бұл тілді меңгерудің алғашқы сәттерінен басталады, сондықтан тілді игеру барысында қалыптасатын әлемнің тілдік бейнесі – бұл белгілі бір адамнан тыс сөздер түріндегі тезаурустың нәтижесі.

Материалдар мен әдістері

Мақалада Ш. Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» шығармасындағы жер-су атауларына тезаурустық талдау жасалады. Ш. Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбегінің зерттелуіне шолу жасалады. Шәкәрім мұрасы кеңінен қарастырылып жатса да, әлі де зерттелмеген аспектілері бар екендігі айтылады, ғалым шежіресіндегі жер-су атаулары және оған қатысты аңыздар талданады. Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбегіндегі жер-су атауларына тезаурустық талдау еліміздің жер-су атауларының этимологиясын білу, атаулардың қойылу себептерін анықтау арқылы еліміздің тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрі мен ұлттық танымын білуге мүмкіндік береді.

Зертеу барысында Шәкәрім «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбегіне баға берген Ә. Бөкейханов, М. Мырзахметов, М. Каримов, Қ. Төлебаева т.б. ғалымдар зерттеулері назарда болды. Сонымен қатар тезаурустық талдау туралы жазылған ғалымдар еңбегі пайдаланылды. Тезаурусқа тіл білімінде түрлі анықтама беріледі. Тезаурус – ежелгі грек сөзі, қазақ тіліне аударғанда ерекше құндылығы бар қазына, мұра, қор деген ұғымды білдіреді. Қазіргі уақыттағы ғылыми терминологияда лингвистикада, семиотикада, информатикада жасанды интеллект теориясында және білімнің басқа салаларында тезаурус белгілі бір түрде қалыптасқан жинақтау деген мағынаны білдіреді. «Информатика және жасанды интеллект теориясында тезаурусты құрайтын деректерді жүйелеуге және олардың бағдарлану сипатына баса назар аударылады.

Дәл осы тезаурустың сипаттамасы осы тұжырымдаманың мазмұнын жалпы гуманитарлық тезаурустық тәсілге негіздеді: тезаурус – бұл әлемдік мәдениеттің субъект игере алатын бөлігінің құрылымдық көрінісі және жалпы бейнесі» [5, 35-б.], – дейді зерттеуші Н. Захаров. Тезаурус – барлық сөздер мүмкіндігінше толық және мәтінде қолданылуының толық тізімі бар сөздік түрі. Тезаурустық тәсіл – бұл гуманитарлық білімдегі қазіргі тенденцияларға логикалық жауап, ол ғылымның объективті білім ретіндегі идеяларынан туындаған дағдарысты жеңу жолдарын іздейді. Тіл қоғам дамуымен бірге дамып, үнемі өзгерісте болады. Біз кейбір сөздерге кейде тек сөздік арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Мысалы, түркі әлемінде теңдесі жоқ ұлы еңбек саналатын М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігі ХІ ғасырда жазылған. Сөздікте түркі халықтары мен тайпаларының өмір салты, наным-сенімдері, мифологиясы мен халық әдебиеті туралы құнды зерттеулер жинақталған. Түркі халықтарының ең маңызды тарихи қолжазбасында жер-су атаулары кездеседі. Мысалы, Еділ, Іле, Йамара (Ертіске құятын өзен) өзен атауларын кездестіреміз. М. Қашқарида жер-су атауларына анықтама береді [6, 48-б.]. Сол сияқты 1894 жылдан бері көпшілікке таныс «Thesaurus Linguae Latinae» сөздігін атауға болады. Сөздік арқылы бүгінде мағынасы беймәлім сөздердің сырын ашуға мүмкіндік бар. «Ескі Славян сөздігі (Х–ХІ ғасырлардағы қолжазбалар бойынша)» де құнды дүниеге жатады. Сондай-ақ сөздерді таңдау принципі бойынша «Жазушылар тілінің сөздіктері» «Пушкин тілінің сөздігі», «Абай тілінің сөздігі» немесе жазушылардың шығармалары, мысалы, «М. Горькийдің өмірбаяндық трилогиясының сөздігі», Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15-томдық) т.б. баға жетпес құндылықтар болып табылады. Бұл сөздіктерді әдіснамалық негіздерге байланысты идеографиялық сөздіктерді құру тарихындағы үш кезеңді шартты түрде ажыратуға болады: ежелгі идеографиялық сөздіктер, қазіргі заман сөздіктері, ХХ–ХХІ ғасырларда жарияланған заманауи сөздіктер.

Тезаурус ғылыми түсініктерді ақпараттық іздеу жүйесі ретінде анықтауға негізделген, онда тілдің әр лексемасы белгілі бір дескрипторға сәйкес келеді, ол құжаттық ақпаратты іздеуге болатын сөз немесе символ болып табылады. Алғашқы ақпараттық-іздіріу тезаурустары баспа басылымдары болды, мысалы, әртүрлі анықтамалықтар, мемлекеттік стандарттар және т.б. ақпараттық-іздіріу тезаурусы бола алады. Соңғы уақытта электрондық тасымалдағыштардағы автоматтандырылған ақпараттық-іздіріу тезаурустарының орасан зор өсуі байқалады, онда қажетті ақпаратты іздеу тиісті бағдарламалардың көмегімен автоматты түрде жүзеге асырылады. Мысалы әртүрлі электронды энциклопедиялар мен сөздіктер, сондай-ақ on-line жұмыс істейтін ақпараттық-іздеу жүйелері. Ю. А. Шрейдердің анықтамасына

назар аударсақ, «тезаурус» ұғымы кеңірек философиялық және әдіснамалық түсініктеме алады, өйткені ол «шын мәнінде шындық туралы ақпаратты ғана емес, сонымен қатар жаңа хабарламаларды қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін мета-ақпаратты (ақпарат туралы мәліметтерді) қамтитын күрделі жүйе ретінде анықталады» [7].

Нәтижелер және талқылау

Тезаурусты шындық туралы білім жүйесі ретінде түсіну XX ғасырда семантикалық ақпаратты зерттеу мәселесін және табиғи тілдің әлем туралы ақпарат тасымалдаушысы ретіндегі рөлін көрсетті. «Тезаурус» ұғымы пәнаралық сипатқа ие болды және адамда (жеке ақпарат тасымалдаушысында) немесе адамдар тобында болатын шындық туралы білім жүйесі ретінде кеңінен түсіндірілді. Сонымен, психологияда жасанды интеллектімен жүйелерді зерттеу кезінде ақпаратты қабылдау және түсіну кезінде көрінетін жеке тұлғалардың тезаурус қасиеттері қарастырылады. Әлеуметтануда жеке адамдар мен бүкіл ұжымдардың тезаурустары тезаурустардың ортақ фрагменттері бар адамдар арасында түсіну мүмкіндігін қамтамасыз ететін жүйелер ретінде зерттеледі. Мәдениеттану мен әдебиеттануда тезаурус оның шығармаларын қабылдауға әсер ететін мәдениеттің ақпараттық желісі ретінде сипатталады. Тезаурустың мәні туралы барлық қарастырылған идеялар тілдік жүйеге негізделгендіктен, тезаурус бұл қоғамда ақпараттық жүйе ретінде жұмыс істейтін, жеке адамның және тұтастай алғанда қоғамның белгілі бір даму кезеңінде білім құрылымын анықтайтын объективті қолданыстағы тілдік мәліметтер, оның шамамен моделі сөздік болып табылады деген болжам жасауға мүмкіндік берді. Бұл ұсыныс осы зерттеудің бастапқы нүктесі болып табылады. «Тіл білімінде «тезаурус» сөзі ең алдымен сөздіктердің ерекше бір түрімен байланысты болғандықтан, тезаурус сөздіктерінің тарихынан «тезаурус» ұғымының даму тарихын қарастыруды бастау заңды. Тезаурус «идеографиялық сөздік» ұғымы арқылы анықталатындықтан, біз «тезаурус» және «идеографиялық сөздік» сөздерін бір-бірінің орнына қолданамыз» [8], – дейді зерттеушілер. Қазіргі таңда тезаурустық талдаудың маңыздылығы туралы жиі айтылып жүр. Қоғам мен техника дамуына байланысты керекті материалды тауып алуды оңтайландыруда тезаурустық тәсілдің пайдасы зор. Ақпараттық жүйе арқылы айталық, ғылым салаларына қатысты мәліметтерді, соның ішінде әдебиет пен тілге қатысты материалдарды іздеп табуда тиімді. «Роджер стиліндегі тезаурус нарығы сөздік нарығынан өзгеше. Олар авторларға дұрыс сөзді таңдауға көмектесетін көмекші құрал ретінде сатылады және бұл үшін көптеген мүмкіндіктерді қамтамасыз ету маңызды. Бұл ана тілінде сөйлейтіндерге арналған сөздіктер нарығына мүлдем ұқсамайды. Мұнда негізгі мақсаттар сирек сөздердің мағынасын табуға көмектесу, дұрыс жазу», – деп зерттеуші тезаурустың 4 түрін сипаттап береді.

«Адамдарға мәтін жазу кезінде синонимдерді табуға көмектесу үшін жасалған Roget стилінде; WordNet және EuroWordNet; ақпараттық іздеу жүйелерін қолдау үшін (қолмен) жасалған тезаурустар және корпустарда автоматты түрде жасалған тезаурустар» [9]. Бүгінгі таңда тезаурустық тәсілдің тиімділігі жоғары. Тезаурус – бұл сөздердің артында тұрған бейнелер, мағыналар мен мазмұн ғана емес, бұл ең алдымен тілдің сөздері мен өрнектері. Бірақ тезаурус тек тіл үйрену үшін қажет емес. Тезаурустық зерттеулер адамның тіл арқылы сыртқы ақпараттық кеңістікке қалай шығатынын түсінуге көмектеседі. Бұл шығу тілді меңгерудің алғашқы сәттерінен басталады, сондықтан тілді игеру барысында қалыптасатын әлемнің тілдік бейнесі – бұл белгілі бір адамнан тыс сөздер түріндегі тезаурустың нәтижесі. Әрбір жеке тұлғаның тезаурусы білім иерархияларының ықтимал ашық жиынтығы ретінде ұсынылуы мүмкін, олардың ішінде әр жағдайда тек біреуі ғана жүзеге асырылады – өзекті тезаурус. Иерархиялардың өздері тең қатынастарда. Сонымен қатар тілдің әр қолданылуы білім иерархияларын нақтылау немесе қайта құру болып табылады. Жалпы, иерархия – бұл әлем бейнесінің қасиеті. Категориялардың ұлғаюы немесе, керісінше, азаюы тілдік тәжірибелер барысында жүзеге асырылатын білімнің психикалық бірліктерінің қайта құрылымдалуы ретінде жүреді, бірақ уақыт өте келе сөздердің мағынасының ашылуы тілдің өзіне тән.

«Тезаурус ұғымын тар мағынада қарастыратын болсақ, тезаурус – бұл белгілі бір тілдегі сөздердің мағыналық байланыстарын көрсететін сөздік, нақты бір немесе бірнеше білім салаларына жататын терминдер байланысын көрсететін терминдер жиынтығы» [10, 29-б.].

Тезаурустың иерархиясы тілдің иерархиялық принциптерімен тікелей байланысты емес. Тілдің иерархиялық құрылымы туралы білу – көптеген білім иерархияларының бірі ғана. Тезаурус әлем бейнесінде иерархияларды құруға қатысады, бірақ одан тыс тілдік белгілер – сөздер, мәлімдемелер тізбегі түрінде болады. Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбегіндегі жер-су атауларына тезаурустық талдау жасау маңызды. Себебі қай халық болсын жер-су атауларына үлкен мән берген. Ежелгі заманнан ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен қазақтың ауыз әдебиетінде де жер су атауларына ерекше мән бергенін көреміз. Фольклоршы Б. Уахатовтың «Алтын бастау» атты еңбегінде халық мұрасы – тұрмыс-салт жырлары талданады. Ғалым халық жырларын бақсылар сарыны, арбау-байлау, бәдік, бата-тілек өлеңдері деп бөліп қарастырады. Тұрмыс-салт жырларын: бесік жыры, үйлену ғұрпы және мұң-шер өлеңдері деп бөледі. Ғалым зерттеулерінде қазақ жастары алтыбақан, ақсүйек ойнауға т.б. той-жиындарда қара өлең айтып, өлеңдеріне туып-өскен жерлерін қосады. Жастар дастарқан басында бір-біріне әзіл-қалжыңмен жыр айтатын болған. Әркім бір-біріне өз табағынан ас ұсынады. Дәм алған адам төлеуіне өлең

айтатын болған. Бұл «ет өлеңі» деп аталатындығын айтады [11, 35-б.]. Ауызша жеткен жырлар халық болмысынан көрініс беретін рухани дүние. Көп қабатты, тақырыбы мен сюжеті алуан түрлі болып келетін жырларда қазақ халқының өмірі, дәлірек айтсақ, қазақ этносының құрамына кіретін тайпалардың тұрмысы, таным-түсінігі, болмысы, наным-сенімдері көрініс тапқан. Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбегін жазу барысында қазақ халқының, дала халқының ауызша тарихнамалық деректерін де ұтымды пайдаланды. Жұмыс барысында ол осы деректерді, сондай-ақ әртүрлі тарихшылар мен зерттеушілердің пікірлерін салыстырады, ең ақылға қонымды материалдарды қолдануға және ең дұрысын таңдауға тырысады. Ақын: «Ұлы жүз қазағы күн батыс Алатаудан Қаратау өзеніне шейін өз орнын алды, Орта жүзден керей мен найман Тарбағатайға келіп, ақырында Қытай жеріне де кіріп, найманның шеті Ебінор басына шейін барып, керей Қара Ертіске барды», – дейді. Абылай хан мен Қабанбай батыр бастаған қазақ әскерлерінің ежелгі түрік-қазақ жерлерін жоңғарлардан босатуы, Ертіс, Алтай, Тарбағатай және Жетісуға қазақ елінің қоныстануы – тарихи шындық. Еңбекте: «Қырғызнұр мен Обсанұр деген екі көлдің арасында түрікше сөйлейтін бір ел бар. Оны моғолдар дейді. Бұлар түріктен қалмақтар тұтқынға алғандардың нәсілі», – деп хотондар туралы да мағлұмат бере кетеді. Генеалогиялық еңбектің басты құндылығы – өткеннің әртүрлі жазбалары мен кітаптарының мәліметтерін салыстырып ұсынуында.

«Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбектің алғы сөзінде Шәкәрім «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әртүрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғу-муми», «Тарих антшар аласлам», Нәжиб Ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және әртүрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әртүрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Кошочи-дам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юән-шау-Ми-ши деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтан жаңылыс айтқан өтірік аталары – бәрі сол кітапта бар» [12, 6-б.], – деп айтады. Бұл жөнінде ғалымдар: «Шәкәрім шежіресінің қара сөзбен жазылған бөлігіндегі аталынған тақырыптар тарихи деректерді жүйелі баяндаумен берілген. Қазақ халқының ежелгі түркі ру-тайпалары жүйесіндегі ең негізгі құрамды танытатыны барлық тарауларда да анық байқалады. Шежіреден байқалатын ең басты ерекшелік Шәкәрім өзі сөз етіп отырған мәліметтерді тек өзіне ғана телмейді. Әрбір деректерді қай еңбектен оқығанын қайдан алғанын үнемі баяндап отырады.

Шежірелік дерек төңірегінде әртүрлі тарихшылардың пікірлерін салыстыра көрсетеді» [13, 84-б.], – дейді.

«Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» еңбегінде Шәкәрімнің көне зерттеулерден мысалдар келтіре отырып, қазақтың шығу тегі туралы берген мәліметтерін ғана алмаймыз, сонымен қатар жер-су атауларын да кездестіреміз. «Шәкәрім шежіресінің, басты ой қазығы – қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түркі әлемінде жатқанын ғылыми дәлелді, нақтылы тарихи деректер көзімен аша отырып, Абай бағдар берген тарихи танымды одан ары жетілдіре жалғастыруында жатыр. Шәкәрім шежіресінде тұжырымдалған өзекті ойлар желісі негізінен ғасырлар бойы ауызша айтылып келе жатқан қазақ және түркі халықтарының аңыз әңгімелері мен Батыс, Шығыс рухани ой қазыналарына табан тірейді» [12, 4-б.], – дейді ғалым М. Мырзахметов.

«Еңбекті жазу барысында Шәкәрім қажы далалықтардың ауызекі тарихнамалық деректерін де орынды пайдаланған. Мәселен, қазақ хандығының тууы қарсаңындағы Өзбек хандығындағы саяси ахуалды біз бүгінгі ресми тарих арқылы білеміз. Ал Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілқайырға қарсы бас көтерулеріне әкелген себеп ретінде қарақыпшақ Қобыландының арғын Ақжол биді жекпе-жекте өлтіруі көрсетілген. Белгілі жазушы және тарихшы Қойшығара Салғарин осыларға сүйене отырып Қобыланды аңыздық тұлға емес, нақты XV ғ. өмір сүрген қайраткер деп дәлелдеп шықты» [4, 387-б.], – дейді еңбектің маңыздылығы туралы ғалымдар.

Еңбекте мынадай жер-су атаулары кездеседі: Чу-си деген дария (қытай аңызы), Баси-чу-Си-Ши тауы (қытай аңызы), Ергенекон тауы – жартасты тау, Гаошан – ұйғыр жері, Ку өзені – осы күнде Кумандинский елі, Пели-Пулита тауы, мағынасы: ұрғашы жайлаған тау, Челі-таха тауы, мағынасы: аспан тауы – біздің тілде тағдырдың үкімі мағынасын береді, Хули-таха, мағынасы: құтты тау, Бешбалық, мағынасы: бесшаһар, У-дон Қашы, яғни Хотан мен Қашқар, Ганьсу – қытай жері, Ен-Шан тауы – Алтайдың Ертіс өзеніне қарай созылған бір тарауы, Чин қорғаны – яғни Ескендір қорғаны деп жаңылыс айтып жүрген қорған болуы керек. Шәкәрім бұл сөздерге аңыздардан мысал келтіріп, түсінік беріп отырған. «Аристовтың кітабындағы қытай жазушыларының сөзі ең ескі заманда түрік жұртының аталары – Со деген халық болыпты (мұны Нәжиб Ғасымбек Сит деген деп жазады) сол халықта бір Ежен – шиду деген хан болып, оның Аспан қызы қатынынан туған төрт баласы болыпты: бір баласы аққу болып кетіпті. Бір баласы қытайша Ки-ғу деген екен» [12, 8-б.].

«Ол Апу менен Ған деген дарияда падишалық қылыпты. Бір баласы Шу-си деген дарияда патша болыпты. Үлкен баласы Надулуша деген. Ол

Баси-чу Си ши деген тауда болып, хан ордасы сонда болыпты. Таудың биіктігінен ол ел суықтан өлетұғын болған соң, Надулуша от жағуды үйретіп, елін суықтан сақтаған соң, өзге туысқандарына қараған елдер де соған қарап, атын – Тукю қойыпты. Тукю деген – дулыға деген сөз. Қытайда «Р» деген әріп жоқ болған, Тукюның ортасына «Р» қосылып, «турку» болады». «Апу мен Қан» деген дария (қытай аңызы) атауы ұшырасады. Тілде Апу мен Қан атауларының бірігуі арқылы жасалған Абакан деген топонимия бар. «Осы күнгі Абакан, Аша деген Енісей губерниясындағы өзен аты қырғыздың Абакан, Аша деген атасының аты деседі. Қырғызда Абакан, Аша деген ата бар ма екен? Том өзеніне Томскі қаласының маңайында құятын бір кішкене өзен аты – Қырғыз» [4, 9-б.], – деп анықтама береді.

Шәкәрім еңбегін оқу барысында әрбір жер-су атауларының шығу тегі аңыз-әңгімелерге сүйене отырып ашылғандығына көз жеткіземіз. «Осы айтылған қытай сөзіне қарасаңыз, Ежен-Шиду дегені – Шиду хан дегені, оның бір баласы аққу болып кетті дегені Алтайдағы Қу өзеніндегілерге хан болды дегеннен шатақ болған. Олардың қалған нәсілі – осы күнде Кумандинский деп орысша аталып отырған елдер, осы күнде де Со деп аталатұғындары бар. Қу өзеніндегілер өздерін қукіші деп атайды. Жоғарғы Ежен-Шиду дегені Шис пайғамбар болса керек. Ежен-Шидудың бір баласы Ки-ғу дегені қырғыз дегені болады. Себебі қытайда «Р» жоқ және сөзді қысқартып аяғындағы әріпті тастап айта-тұғын әдегі бар. Ки-ғуның ортасына «Р» қосып, аяғына «зи» қоссаңыз, қырғыз болады. Оның мағынасы – елсіз де өз еркімен жүрген тағы деген сөз деп Нәжиб Ғасымбек қытай сөздерін жазған шежірелерден алып жазады» [12, 8-б.]. Шәкәрім Ежен-Шиду сөзі хан деген мағынаны беретіндігін айтады. Ежен деген хан аты екенін қазіргі кезде сөздіктерден кездестіреміз. «Ежен – (Еженхан) Цин империясының ханы. Боғдхан. (Моңғол тіліндегі «езін» ие, иесі, меншігі деген сөзінен шыққан) «Бауыры Шонжы, Манасты, Үрімжі қатар жанасты, Тұрпан, Құмыл, Ұлықшын бәрі Еженге қарасты» [14] Бабалар сөзінде: «Ежен – Мәнжу үкіметінің билеушісі» [15, 331-б.], – деп берілген. Тілдік тұлға тұжырымдамасында тезаурус вербалды-семантикалық және мотивациялық деңгейлер арасындағы байланыстырушы, аралық, буын ретінде қарастырылады. Осыған байланысты тезаурустағы білімнің иерархиялық ұйымдастырылуы туралы айту әбден заңды, мысалы, әлеуметтанулық тұрғыдан алғанда, неғұрлым әлеуметтік маңызды немесе үлкейтілген ақпаратты және кішігірім ақпаратты бөліп көрсетуге болады. Тіл барлық жерде кездесетіндіктен және адам қызметінің барлық салаларын қамтитындықтан, қосымша бағалау критерийлеріне жүгінбей-ақ, тілдік ақпараттың қай бөлігі екіншісіне қарағанда маңыздырақ екенін айту қиын.

1-кесте – Шежіреде кездесетін жер-су атаулары.

Топонимдер түрлері	Мысалдар
оронимдер	Алатау, Мағол Алтайы, Кавказ тауы, Қоғалаң тауы, Тасүйген, Қаратау,
гидронимдер	Қосакөл көлі, Шу өзені, Енесей өзені, Еміл өзені, Қаратал өзені, Нұра өзені, Талас өзені, Еділ, Жайық, Шыңғыс тау, Тарбағатай тауы, Ұлытау, Тибет, Орал суы, Лепсі, Қапал Амудария, Сарысу, Есіл, Қаратал өзені, Арал көлі, Ақтеңіз, Аякөз өзені, Ор, Ырғыз өзені, Торғай өзені, Қара Ертіс, Сырдария
Қала атаулары	Алматы, Орынбор, Қашқар, Самарқанд, Баласағұн шаһары, Ферғана, Ташкент, Астрахань, Саратов, Бұқара, Түркістан, Стамбол, Үндістандағы Даһли шаһары,

Бұлардан басқа да Қарқаралы, Сіргелі, оязы, Жетісу облысы, Семей облысы, Түркімен, Көкшетау, Ақмола облысы, Торғай облысы, Үндістан, Қырым, Аштырахан, Башқұрт, Қазан, Кубан, Кавказ, Қоқан, Хиуа, Сибирия, Татарстан, т.б. жер-су атаулары кездеседі.

Бұл атаулар бүгінгі күні де сақталған атаулар. «Шежіре түрікті жазған Әбілғазы Баһадүр хан туысқандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үш бөлініп кеткенде, осы Есім хан қолына келіп, тұрдым дейді». Шәкәрім шығармасында «Қаңлы деген арбалы деген сөз, ұйғыр ішінен қаңлы атанған, бұлар бұрын бек көп ел болған, Стамболдағы Осман түрікте қаңлы нәсілінен. Бұлар да әр түрік нәсілінің ішінде бар. Біздің орта жүзде әр жерде аз ғана бар, кейінгі аталарын білмеймін» [12, 35-б.], – деп рулардың шығу тегін талдап береді. Қазан – Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала. Ардос – хуннаның қаласы, Наньшан мен Таны, Шарамұран өзені, Гуман тауы – қытайша Тэн-мен, бұл күнде Тано-ула деген болады, Нарлық өзені, Нянь-шань тауының етегі Тянь-Шань тауы, Тсариф қаласы – Ноғайлар Сарай деп, орыстар Царив деп кеткен, Халхе өзені, Бабиор көлі, Сынтас асуы, Памир таулы жотасы, Қатуни өзені, Алтайдағы Төлет көлі, Киш шаһары, Балх Хорасан, Харан, Қандағар-Мазандаран, Тебріз, Нұхжуан, Каріс-Тифлис, Суансхалаб-Бағдат, Отырар, Исфаһан, Блонжылдық – Шыңғысханның туған жері, Дербен, Арисуан, Мәрәу, Фират дариясы, Асқуд – жер атауы, Алтай, Шу өзені, А-чу, яғни Ақсу, Си-фан, яғни Тибет, Шанси уәлаяты Пәчили уәлаяты, Мағолстан, Қарамөрен дариясы – Татар жеріндегі дария атауы, Орхон өзені, Хуан Хэ дариясы, Ертіс өзені, Суһиғың-фу шаһары, Шиан-фу шаһары, Балқаш көлі, Іле өзені, Яксарт – Сырдария, Соғды Бактрия, Пекин

каласы, Ухуан тауы, Сиэнби тауы, Мауранаһар, Шанси – жер аты, Хами – жер аты, Килушан тауы, Тұманши – жер атауы, Қаршатау – жер атауы, Қараша Хасар – жер атауы, Гулин тауы, Тохула өзені, Селенге өзені. Шәкәрім: «Тегин деп ақсүйек князьді айтады, соның нәсілінен отыз ханнан кейін Иойлунтегин дегені хан болған кезде Тан ханның еліменен неше жыл жауласып, аяғында құда болып, Тан ханның Цзинлйн деген қызын, Иойлунтегиннің баласы Иелітегинге айттырады. Бұл Тан хан дегені –Тата, яғни татар ханы болса керек. Ол Пели пулита деген тауда еді. Мағынасы: ұрғашы жайлаған тау деген болады. Және Челі-таха деген тау бар еді. Мағынасы: аспан тауы, біздің тілде айтқанда тағдырдың үкімі дегенге келеді. Және Хули Таха деген тау бар еді. Мағынасы: құтты тау деген. Тан ханның жіберген бір кісісі сол Құтты тауды көріп, осының басындағы биік тасты құлатса бұл елдің бақыты қайтады деп, Иойлунтегиннен қалыңмал үшін сол тасты сұрап алып кете алмаған соң, отпен қиратып, өртеп, носилкамен тасып алды. Сонан соң таудағы құрт, құс шулап, жеті күнге жетпей Иойлунтегин өліп, онан соң хан болғаны өле берген соң, халқы көшіп, Бешбалыққа, яғни Бес шаһарға келді. Темір қазығы А-чу, яғни Ақсу, күнбатысы – У-дон-Қаши, яғни Хотан мен Қашқар, күншығысы – Си-фан, яғни Тибетке шейін биледі. Бұл көшкені Бар-чжу – ертетегиннің хан болғанынан 970 жыл бұрын еді дейді» [12, 10-б.], – деп әрбір жер-су атауларына қатысты деректерді, аңыздарды жинап, түсінік береді. «Қытай жазушысы Си-иуэн-Шауу-ми-ши сөзінше Шыңғыс ханнан 850 жылдай бұрын қара қытай менен шүршіт билеп тұрғандағы Мағолстан жұртының тұрған тұрағы мынау: оңтұс күншығысында Татаби, яғни Онийот, оның сол жағында татар, оның сол тұс һәм күнбатысында Керейт: Жалайыр, мұңғұл, онан Керулен де оның күнбатысында Тамир һәм Орхоннан Ертіске шейін найман, оң солтұсында меркит және Қосакөл менен Таннуолада Ойрат һәм Тува және әртүрлі тоғайлы атанғандар. Енисейде қырғызбенен оған қараған ұсақ ел бар. Оның күнбатысында Телес бар еді» [12, 18-б.]. Шәкәрімнің жан-жақты ізденіп, көп деректер жинағанын көреміз. Шәкәрімнің Махмұд Қашқаридың, Нәжіп Ғасымбектің, Мұхамед Хайдар Дулатидың, Зайниддин Васифидың, Әбілғазы Бахадүр ханның және түркітанушы ғалымдар В. В. Радловтың, Н. А. Аристовтің еңбектерінен деректер алғаны және ол деректерге өзінің талдауын, пікірін келтіргенін көреміз. Ақын тек аңыз-әңгімелермен қоса, жазушылардың жазбаларынан дәлелдер келтіреді. Мысалы, Шәкәрім Әбілғазы Бахадүр хан шежіресінен мысал келтіріп, кейбір көне түрік кезеңіне жататын пікірлерге қарсы ойын жазады. Шәкәрімнің өз пікірін дәлелдер арқылы беруі еңбектің өз бойында кездесіп отырады. Сонымен қатар, ақын өзіндік тың пікірлерін де дәлелдер арқылы береді. Мысалы, ақын түрікке христиан, будда, зәрдәшіт діндері

туралы айтып, «түріктердің өз діні болды» – деп ислам дініне дейін өз ұстанымдары болғанын айта кетеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» гранттық қаржыландырылатын ғылыми жоба аясында орындалды.

Қорытынды

Шәкәрімнің жер-су атауларына берген түсініктері мен деректері бүгінгі күнгі кейбір жер атауларының шығуы туралы мәліметтерді тануға септігін тигізсе, аңыз әңгімелері ауыз әдебиетіне қосылар қазына болатыны сөзсіз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбегі, шағын көлеміне қарамастан маңызды. Ақын ежелгі заманнан бері қазақ және басқа түрік халықтарының тарихына назар аударып, зерттеп, кейінгі ұрпаққа асыл мұрасын қалдырды. Еңбектегі жер-су атаулары, тайпа, ру атаулары бүгінгі ғылыми еңбектерге жол көрсететін, зерттеу жасауға ой тудырады. Ақынның шежіресі – әлі де терең зерттеу, зерделеуді қажет ететін құнды шығарма.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сәтбаева, Ш. Қ.** Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы : «Білім» қоғамы, 1990. – 50-б.

2 **Бөкейханов, Ә.** Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі // Шәкәрімтану мәселелері. – Новосибирск : Талер-Пресс, 2008. – Б. 9–13.

3 **Аймауытов, Ж.** Бес томдық шығармалар жинағы. – Т. 2. – Алматы : «Жібек жолы», 2003. – 343-б.

4 **Каримов, М.** Шәкәрім қажының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінде көтерілген қазақ тарихының мәселелері // «Шәкәрім мұрасы және әлемдік мәдениет» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Семей : Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2018. – Б. 386–389.

5 **Захаров, Н. В.** Шекспиризм русской классической литературы: тезаурусный анализ. – М. : Издательство МГУ, 2008. – 320 с.

6 **Қашқари, М.** Түрік сөздігі. – Алматы : Арда, 2017. – 592-б.

7 **Шрейдер, Ю. А.** Тезаурус – М. : Советская энциклопедия, 1976. [Электронды ресурс]. – URL: <http://slovari.yandex.ru/~книги/БСЭ/Тезаурус> (қаралды: 23.03.2024)

8 **Осокина, С.** Основания лингвистической теории тезауруса: диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук,

2015. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.dissercat.com/content/osnovaniya-lingvisticheskoi-teorii-tezaurusu> (қаралды: 18.03.2024)

9 **Adam Kilgarrieff, Colin Yallop.** What's in a thesaurus? [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.kilgarrieff.co.uk/Publications/2000-KilgYallop-LREC-thesauruses> (қаралды: 22.03.2024)

10 **Tetiana Sych.** Scientific thesaurus as an indicator of the development of the theory of education management and methodology // World Science. 2018. – № 5(33), Vol. 4. – P. 29–33.

11 **Уахатов, Б.** Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы : «Жазушы», 1991. – 204 б.

12 **Құдайбердіұлы, Ш. Қ.** Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы : Сана, 1991. – 79 б.

13 **Төлебаева, Қ.** «Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресінің әдеби-тарихи мәні» // Язык и культура. № 2. – Б. 114–121.

14 **Бодауған, Т.** Журналист Тоқан Бодауған жинақтап ұсынған сөздер. – [Электронды ресурс]. – URL: <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=19&ysclid=m25obeyudr88611562> (қаралды: 18.08.2024).

15 Бабалар сөзі. – Астана : Фолиант, – 2010. – Т. 61. – 448 б.

References

1 **Satbaeva, Sh. K.** Shakarim Kudaiberdiev [Shakarim Kudaiberdiev]. – Алматы : «Bilim» kogami, 1990. – 50 p.

2 **Bokeikhanov, A.** Turk, Kirgiz, Kazakh ham khandar shezhiresi. Shakarimtanu maseleleri. [Genealogy of Turkish, Kirgiz, Kazakh and their khans. Problems of Shakarimology: serial scientific collection]. – Novosibirsk : Taler-Press, 2008. – P. 9–13.

3 **Aimaityov, Zh.** Bes tomdik shigarmalar zhinagi [Collection of works in five volumes]. – V. 2. – Алматы : «Zhhibek zholi», 2003. – 343 p.

4 **Karimov, M.** Shakarim kazhinin «Turk, Kirgiz, Kazakh ham khandar shezhiresi» enbeginde koterilgen Kazakh tarihinin maseleleri. «Shakarim murasi zhane alemdik madeniet» halykaralik gilimi-tazhiribelik konferenciya sinin materialdari [Problems of Kazakh history mentioned in the work «Genealogy of Turkish, Kyrgyz, Kazakh and their khans». Materials of the international scientific and practical conference «Shakarim's heritage and world culture»]. – Semey : Semey kalasinin Shakarim atindagi memlekettik universiteti, 2018. – p. 386–389. [in Kazakh]

5 **Zaharov, N. V.** Shekspirizm russkoj klassicheskoy literatury: tezaurusnyj analiz [Shakespeareanism of Russian Classical Literature: thesaurus analysis] – M., 2008. – 320 p. [in Russian]

6 **Kashkari, M. K.** Turik cozdigi [Turkish dictionary]. – Almaty: Arda, 2017. – 592 p. [in Kazakh]

7 **Shreider, Yu. A.** Tesaurus [Thesaurus] [Electronic resource]. – <http://slovari.yandex.ru/~knigi/BSE/Tesaurus> (accessed 23.03.2024).

8 **Osokina, S.** Osnovaniya lingvisticheskoy teorii tesaurusa [The foundations of the linguistic theory of thesaurus]. – [Electronic resource]. – <https://www.dissercat.com/content/osnovaniya-lingvisticheskoi-teorii-tezaurusa> (accessed 18.03.2024).

9 **Adam Kilgariff, Colin Yallop.** What's in a thesaurus? – [Electronic resource]. – <https://www.kilgariff.co.uk/Publications/2000-KilgYallop-LREC-thesauruses> (accessed 22.03.2024).

10 **Tetiana Sych.** Scientific thesaurus as an indicator of the development of the theory of education management and methodology // World Science. – 2018. – No 5(33). – Vol. 4. – P. 29–33.

11 **Uahatov, B.** Kazakhtin halyk olenderi [Kazakh folk poems]. – Almaty: Zhazushi, 1991. – 204 p. [in Kazakh]

12 **Kudaiberdiuly, Sh.** Turk, Kirgiz-kazakh, ham khandar shezhiresi [The Genealogy of Turk, Kirgiz, Kazakh and their khans]. – Almaty: Sana, 1991. – 79 p. [in Kazakh]

13 **Tolebaeva, K.** Shakarim Kudaiberdiuly shezhiresinin adebi-tarihi mani [Literary and historical significance of the Genealogy of Shakarim Kudaiberdiuly] // Yazik i kultura. No 2, – P. 114–121. [in Kazakh]

14 **Bodaukhan, T.** Zhurnalst Tokan Bodaukhan zhinaktap usingan sozder [Words collected by journalist Tokan Bodaukhan] – [Electronic resource]. – <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=19&ysclid=m25obeyudr88611562> (accessed 18.08.2024).

15 Babalar sozi. [Words of ancestors]. – Vol. 61. – Astana : Foliant, 2010, – 448 p. [in Kazakh]

16.01.25 ж. баспаға түсті.

13.03.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Л. Т. Абикенова

Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 16.01.25.

Поступило с исправлениями 13.03.25.

Принято в печать 25.11.25.

ТЕЗАУРУС ТОПОНИМИИ В РАБОТЕ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА «ЛЕТОПИСЬ ТЮРКСКИХ, КЫРГЫЗСКИХ И КАЗАХСКИХ ХАНОВ»

В данной статье в качестве формы анализа рассматривается произведение Ш. Кудайбердиева «Летопись тюркских, кыргызских и казахских ханов». Дается обзор изучения исследователями работы Ш. Кудайбердиева «Летопись тюркских, кыргызских и казахских ханов». Также в статье дается определение понятия тезаурус. В тезаурусе говорится, что образные слова – это не только значения и содержание, это прежде всего слова и выражения в языке. Тезаурус необходим не только для изучения языка, в ходе анализа выясняется, что тезаурусные исследования – это возможность понять, как человек выходит через язык во внешнее информационное пространство, что языковая картина мира, формирующаяся в процессе овладения языком, является результатом тезауруса в виде определенных сверхчеловеческих слов. В статье говорится, что наследие Шакарима широко рассматривается, но все еще имеет неизученные аспекты, и также анализируются топонимы в летописях ученых и легенды, связанные с ними. В статье представлен тезаурусный анализ географических названий, встречающихся в работах Шакарима. Используется тезаурусный подход, который выступает в качестве «новой парадигмы» в уже сложившейся и динамично развивающейся области знаний в сфере литературоведения и языка. Тезаурусный анализ топонимов в труде Шакарима Кудайбердиева «Летопись тюркских, кыргызских и казахских ханов» позволяет узнать быт, традиции и национальное самосознание нашей страны, этимологию топонимов нашей страны, выясняя причины их присвоения.

Ключевые слова: тезаурус, летопись, литература, история, топонимика, этимология, терминология, мифология.

**L. T. Abikenova*

Alikhan Bokeikhan University,
Republic of Kazakhstan, Semey.
Received 16.01.25.

Received in revised form 13.03.25.

Accepted for publication 25.11.25.

**THESAURUS OF TOPONYMS IN SHAKARIM KUDAIBERDIEV'S
WORK «GENEALOGY OF TURKISH,
KYRGYZ-KAZAKH AND THEIR KHANS»**

The article presents the work of Sh. Kudaiberdiev «Genealogy of Turkish, Kyrgyz-Kazakh, and their khans» as an object of analysis. A review of the work of Sh. Kudaiberdiev «Genealogy of Turkish, Kyrgyz-Kazakh, and their khans» will be conducted. The article also provides a definition of the concept of thesaurus. It is noted that the thesaurus is not only the meaning and content of figurative words, it is primarily their words and expressions in the language. The thesaurus is necessary not only for language learning, it is revealed during the analysis that thesaurus research is an opportunity to understand how a person enters the external information space through language, the linguistic picture of the world that is formed in the process of language acquisition is the result of a thesaurus in the form of certain superhuman words. Shakarim's legacy is widely considered, but it is noted that there are still unexplored aspects, and toponymy in the scientist's genealogy and related legends are analyzed. The article provides a thesaurus analysis of toponymy which found in Shakarim's work using a thesaurus approach that acts as a «new paradigm» for the already established and developing rapidly field of knowledge in the field of literary studies and language. A thesaurus analysis of toponymy in Shakarim Kudaiberdiev's work «Genealogy of Turkish, Kyrgyz-Kazakh and their khans» allows you to know the life, traditions and national identity of our country by knowing the etymology of toponymy, identifying the reasons for naming.

Keywords: thesaurus, genealogy, literature, history, toponymy, etymology, terminology, mythology.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz